

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 227 – 230

**THE IDEAS OF KNOWLEDGE AND WORK FOR YOUTH EDUCATION
IN THE OEUVRE OF ABAY KUNANBAEV**

R. K. Doszhan

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
E-mail: Raihanchik01@mail.ru

Key words: Abay, labour, science, education, book of words, culture, philosophy, philosophical ideas.

Abstract. The given article is spoken about creation of Abay which inspires young generation on service to people, support in them aspiration to education, knowledge, work, to nation development through culture. They are always actual.

УДК 72.787:330.59 (574)

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ИДЕЯСЫ**

Р. К. Досжан

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Үлттүк Университеті, Астана, Қазақстан

Тірек сөздер: Абай, еңбек, ғылым, білім, қара сөздер, мәдениет, философия, философиялық ойлар.

Аннотация. Мақалада жас ұрапакты өз халқына қызмет етуге ынталандыратын, ағартушылыққа, білімге, еңбекке, мәдениет арқылы ұлттың дамуына талаптандыратын Абай шығармашылығы туралы айтылады. Олар әр заманда өзекті.

Жас ұрапакты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген. Ешқандай жоғарғы білімсіз-ақ тәрбиелеудің небір онтайлы әдістерін баласының бесігінен бастаған. Қазақ хандығы дәурен сүрген заманда қазақ халқы өзінің ұлттық төлтумалығын бір жолата орнықтырып үлгерді. Ұлттық арқауы берік төлтума – ол мәдениеті болатын. Қазақ хандығы кезінде қазақ халқы өзінің моральдық-ұлттық этикалық нормаларын біржола қалыптастырып алды. Қазақ халқының ғасырлар қойнауынан бастау алатын тек-тамыры мәдени рухани болмысы жалпы адамзаттық тарихи мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Мәселен, Әл-Фараби өз заманында «Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан таба алады, жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында ғана жетіліп, өз қабілеттерін шындаі түседі. Осыдан келіп олардың әлеуметтік мәні қалыптасады» - деп жазды [1]. Еліміз Тәуелсіздік туын көтергелі ұлттық мұраларымызды игеруде әлі де болса көбірек көңіл бөлуді талап ететін мәсселелер көп.

Демек қазақ мәдениетін, ұлттық салт-дәстүр, этикалық нормаларын, рухани құндылықтарын үлгі ете отырып, оны жастар тәрбиесіне ұтымды пайдалану – өте өзекті мәселе.

Қазақ мәдениетінің аса ірі өкілі, ойшыл, философ, классик ақын Абай Құнанбаев халқына білім беруде орасан зор рөл атқарды. Ол отанын рухани кедейлікten біржола құтқарғысы келді, өз отандастарын әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосуға тырысты. Абай осы мақсатта көп іс атқарды. Оның терең мағыналы, көркемдік жағынан құнды лирикалық және философиялық өлеңдері халықтық поэзиямен байланысты.

Әдебиеттің аса ерекше жанрын көрсететін «Ғақылия» немесе «Қара сөздер» сияқты прозалық туындылары тек кеңес уақытында ғана жарық көрген. Алайда Абайдың поэтикалық, прозалық шығармалары ақынның отанында қолжазба түрінде кең тарапалды. Өлеңдері көшіріліп, жатталып, ауызекі айтылып жүрді, ал прозалық шығармалары қолжазба түрінде тарапалып немесе шебер орындаушылар арқылы орындалып жүрді. «Ғақылия» мен «Қара сөз» Абай шығармашылығында қандай орын алады? Абай шығармашылығын зерттеуші Мұхтар Әуезов былай деген: «Қара сөздерді жатқызуға болатын жаңрды атау қын». Онда ақынның философиялық-адамгершілік, қоғами-публицистикалық және сатириалық та пікірлері бар. Оқырмандарымен бірсесе бейбіт, бірсесе ашулы, бірсесе мұнды сипатта әңгіме жүргізе отырып, бұл «Қара сөздер» бәрінен бұрын стилистикалық ажарлықпен ерекшеленеді. Ақынның өмірлік мәселелер туралы философиялық ойларын, сонымен қатар тыңдаушысына ауызша ұндеу түрінде көзбе-көз бағытталған әңгіме-пікірлерін қамтыған «Қара сөздері» кім үшін және қандай мақсатта жазылғанын Мұхтар Әуезов жақсы түсінді. Ақын көбіне жасы үлкен буынды тыңдаушы ретінде санады. Олардың ойлау дәрежесін, дүниетаным ерекшеліктерін есепке ала отырып, «Қара сөздерін» қанатты сөздермен, халықтық мақалдармен түсінікті түрде олардың тілінде жазған. Куәгерлер поэтикалық шығармаларға қарағанда «Қара сөздердің» оқытушылар мен тыңдаушылар арасында танымалдылыққа ие болып кең тарапандығын дөлелдейді. Себебі Абай өз өлеңдеріндегі ойлар мен идеяларды, сезімдер мен көніл-күйді «Қара сөздерінде» де қызықты, өзіндік үлгіде көрсеткен.

Абай білім мен ғылымға аса үлкен мән берді. Ол мүмкіндігі бола тұра балаларын оқытпайтын немесе босқа ақшасын кетіріп басқа нәрсеге үйрететін, дұрыс оқытпайтын ата-аналарды кінәлайды. «Бірақ мен жауаудықпен байып, байлығын пайдалы нәрсеге жұмсаған адамды әлі кездестірмедім». Мұндай әлеуметтік әшкерелеуші сын келесідей аяқталады: «Ғылымсыз о дүниеде де, осы дүниеде де игілік жоқ». Сонымен қатар Абай балаларда жақсы адами сапаларды қалыптастыруды білім және ғылыммен байланыстырады. Оның «Қырық бесінші сөзі» мынадай ескертпе сөздермен аяқталады: «Бұл ғадаләт, махабbat сезім кімде көбірек болса, ол кісі - ғалым, сол – ғақил».

Өзінің қара сөздерінде Абай былай жазады: «Күлық саумак, көз сүзіп, тіленіп, адам саумак - өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, енбегінді сау, еңбек қылсан, қара жер де береді, құр тастамайды». «Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады» [2]. «Құдайдан қорық, пенден ұял, балаң бала болсын десен - оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?» [3].

Абай үшін білім – қандай да бір игіліктерге жету құралы емес, адам дамуының іргелі негізі. Білім адам жанын ағартып, оны рухани байытады. Өзінің адам туралы тұжырымдамасын қалыптастыра келе, Абай енбекке көп көніл бөледі және оның екі жағын атап өтеді. Бір жағынан, еңбек – бұл жеке тұлғаны қалыптастыру құралы (енбекпен білімге қол жетеді, ақыл, ғылым және мәдениет дамиды). «...Ақыл мен білім – еңбек жемісі... Еңбек таным сезімін дамытады» [4], - деп жазады Абай. Екінші жағынан, еңбек – өмірге құрал, өздігінен өмір сүру негізі. Абай осындағы еңбекті мадақтап, масылдықты сынға алады. Еңбекпен айналысқан адам – дербес, тәуелсіз адам. «Сақалын сатқан кәріден, енбегін сатқан бала артық». Жалқаулық, сандалушылық, арам тамақ болу – әшкереленуге тиіс кемістіктер.

«Ырыс алды - тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат қөріп, бұлдаған адам өлімді жау қөріп, ахиретке дүшпан болады» [5]. «Сен тоқсың, енбекті ұмыттың – мұндай адам азған адам». Абай қазакта қалыптасқан «Кедейлік пен байлық – барлығы құдайдан» деген дәстүрлі түсінікке қарсы шығады. Ескі дүниетанымдық қалыптасқан түсініктер мен өз қылықтарының себебі мен мақсаттарын сырттан іздеу – адамға жақсы өмір сүруге кедергі жасайды. Егер қазактар көзі ашық халықтар денгейінде өмір сүргісі келсе, - деп жазады Абай, - олар өздерінің тұрмыс қалпын қайта қарастырулары керек, жаңа дүниетанымдық бағыттарды таңдаулары керек. Абай тұжырымдамасы – бұл жана адамның яғни еңбеккор, белсенді, білімді, өмірде тек өз күшіне және біліміне сенетін адамның тұжырымдамасы. Еңбек сүйгіштік, білімділік, жақсылық, парыз – міне осындағы негізгі қағидалар. «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» [6]. «Талап барлығында бар, оны тек дамыту керек» [7]. Сонымен қатар, адам қайырымды болуы керек, жақсы істер жасауы керек: «Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі

істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі» [8]. Ерік, ақыл және жүрек айтысқанда, негізгі жүрек болу керек: «Адам жүректі тыңдасын... Жүрек таза болса, адам баласын алаламайды: жақсылыққа елжіреп еритүғын - жүрек, жаманшылықтан жиреніп тулат кететүғын - жүрек, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтүғын нәрселердің бәрі жүректен шығады.

Ескі тұрмыс қалпын, қалыптасқан ескі дүниетанымды сынға алып, жаңа этикалық қағидаларды қалыптастырудың қажеттілігін дәлелдей отыра Абай адамгершілікті адам болмысы ретінде қарастырады. Жаңа адам - бұл творчестволық адам. «Сен жақсылық, жамандықты жаратқан - құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан - құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан - құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсан болар, әйтпесе – жоқ». Абайдың кезінде мұндай ойлар дәстүрлі қазақ дүниетанымына мүлде үйреншікіз болатын. Ол кездегі адамдардың түсінігі бойынша әрбір адамның тағдыры алдын ала анықталып қойған, өмірдегі барлық нәрсе құдайдың қалауымен болады. Абай өзіне дейінгі Бұхар жырау, Шортанбай сияқты ұлы ойшылдардың осындағы дүниетанымық қағидаларын мойынданамай сынға алады. Осыған орай ол қазақ мәдениетінде қайғылы бейнені де ұсынады. Ол қазақ қоғамындағы адамдардың жатсынушылығын көтере алмады. Оның ойынша, барлық құндылықтар бұрмаланған, адам – тек құрал, ал ғылым, білім тек байлықты көбейту үшін керек, қайырымдылық, аяушылық, руханилық дегендер жоқ, екіжүзділік пен қызғаныш үстемдік жасайды. Абай жақсылық пен жамандықтың арасындағы шекаралың жоғалуынан және бұл түсініктердің жаңылыстырылуынан адамгершіліктің күйреу мүмкіндігін, қоғамның кері кетуін болжайды. Қырықыншы қара сөзінде жамандық пен жақсылықты түсінбеушілікті әшкерелей келе Абай сұрақ қояды: «Қазактың шын сөзге наңбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай тынбайтүғыны қалай?». Бұған жауап береді: ескі көзқарастарды, дүниетанымды, адам туралы түсінікті өзгертіп, адам туралы жаңа түсінікті қалыптастыру қажет. Ақыл мен қайырымдылық қазақтарды адамгершілік дағдарыстан құтқара алады.

Өз туындыларында білімді менгеру туралы айта келе Абай ғылымға деген үстүртін шалағайлық қатынастан қауіптенеді. Ғылым үлкен жетістік болып табылады, сондықтан оны бар жантәнімен сүю керек. «Әрбір хакикатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсөң айрылма!» - деп үйретеді Абай.

Абай оқу процесінде ой дамуының қажеттілігіне өте дұрыс сілтейді. Онсыз білімді игеру мүмкін емес. Ой мен елестің дамуы заттар мен айналадағы құбылыстарды терең әрі жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Білім оңайлықпен игерілмейді. Оны тек көп еңбек пен ынтаның нәтижесінде менгеруге болады. Білімді әрдайым жетілдіріп тұру қажет.

Жастарды тәрбиелуе бағытының мәдениет пен ғылым негіздерін игеруге мазмұнды өмір сүруде қамтитын білімділік дүниелік үлгісіне бет бұру аса маңызды. Қазақ халқының болашағы үшін еңбек етіп ұрпақты ұлттық салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеп жүргенімізді мактандыш тұтамыз. Ұрпағымызға өзіміз өнеге көрсету арқылы нағыз кісілікті үйретеміз. «Ұлкейсен үлгі көрсет, өссен өнеге көрсет», деп халқымыздың кісілік парызын жоғары қояды, қашанда жастарымызға мол мәдени мұраларымыздан рухани өнеге көрсету бүтінгі танда маңызды.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі:әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: Гылым, 2000. – 135 б.
- [2] Өуезов М.О. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
- [3] Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
- [4] Өуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 2007. – 248 б.
- [5] Абай Құнанбаев. Собр.соч. – М., 1954. – 388 б.
- [6] Абай Құнанбаев. Собр.соч. – М., 1954. – 330 б.
- [7] Абай Құнанбаев. Собр.соч. – М., 1954. – 110 б.
- [8] Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

REFERENCES

- [1] Nurmuratov S.E. Ruhani kunduluktur alemi aleumettik filosofiyalik taldau. Almati: Gilim, 2000. 135 b. (in Kaz.).
- [2] Auezov M.O. Abaytanu daristerinin derek kozderi. Almati: Sanat, 1997. 448 b. (in Kaz.).
- [3] Abay. Sigarvalarinin 2 tomdik jinagi. Almati: Jazusi, 2002. 296 b. (in Kaz.).

- [4] Auezov M.O. Abaydi bilmek oyli jaska . Almati: Sanat, 2007. 248 b. (in Kaz.).
- [5] Abay Kunanbaev. Sobr.soc. M., 1954. 388 b. (in Russ.).
- [6] Abay Kunanbaev. Sobr.soc. M., 1954. 330 b. (in Russ.).
- [7] Abay Kunanbaev. Sobr.soc. M., 1954. 110 b. (in Russ.).
- [8] Axmetov Z. Abaydin akindik alemi. Almati: Ana tili, 1995. 272 b. (in Kaz.).

ИДЕИ ЗНАНИЯ И ТРУДА В ТВОРЧЕСТВЕ АБАЯ КУНАНБАЕВА В ВОСПИТАНИИ МОЛОДЕЖИ

P. K. Досжан

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, факультет социальных наук, г.Астана, Республика Казахстан

Ключевые слова: Абай, труд, наука, образование, слова назидания, культура, философия, философские идеи.

Аннотация. В данной статье говорится о творчестве Абая, которое вдохновляет молодое поколение на служение своему народу, поддерживают в нем стремление к просвещению, знаниям, труду, к развитию нации через культуру. Эти качества всегда актуальны.

Поступила 27.01.2015г.